

Төлеби ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 135 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 сәуірде № 5577 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 14 қарашадағы № 618 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 14.11.2024 № 618 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9), тармақшаларына сәйкес Төлеби ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Төлеби ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 07 маусымдағы № 356 "Төлеби ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім

беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5084 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 01 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Төлеби ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Дүйсебаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төлеби ауданының әкім

Б. Омарбеков

Төлеби ауданы әкімдігінің

2020 жылғы 23 сәуірдегі

№ 135 қаулысына 1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 11.12.2020 № 421 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік санынан)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Төлеби аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жарық жол" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	1,8	1

2	Төлеби аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Төлеби аудандық "Саябақтары" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	63	1,6	1
---	---	----	-----	---

Төлеби ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 23 сәуірдегі
№ 135 қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 11.12.2020 № 421 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Балмуздак" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	122	0,8	1
2	Төлеби аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Ленгир су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	106	0,9	1
3	Жеке кәсіпкер "Сахова Б.А."	28	3,6	1

Төлеби ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 23 сәуірдегі
№ 135 қаулысына 3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын

жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 11.12.2020 № 421 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ленгiр қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	303	0,3	1
2	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ленгiр қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	326	0,3	1
3	"Бірінші Мамыр жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	174	0,6	1
4	Түркістан облысының білім басқармасының "№ 8 колледж" мемлекеттік	122		1

	коммуналдық қазыналық кәсіпорны		0,8	
5	Түркістан облысының білім басқармасының "Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	118	0,8	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ